

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитетінің «Экономика институты» шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына (01.01.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2020 жылғы 30 желтоқсанда бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және ҚР ҰҚМ ҒК «Экономика институты» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Институт) қызметінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты – сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты және Институт қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті арттыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеудің міндеттері:

1) Институт қызметкерлерінде, докторанттарда, магистранттарда, Институтта оқитын немесе ғылыми-өндірістік практикадан өтетін студенттерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болдырмау;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізінде Институт басшылығы мен қызметкерлерінің:

1) Институтпен белгілі бір құқықтық қатынастардағы (еңбек, азаматтық-құқықтық, әкімшілік және т.б.) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру шеңберінде конкурстық өтінімдерді дайындау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

4) мемлекеттік сатып алуды өткізу;

5) ғылыми кадрларды даярлауға және жоғары оқу орындарымен интеграциялауға қатысу;

6) Институт қызметінің барысында туындайтын өзге де қоғамдық маңызы бар мәселелер кезінде сыбайлас жемқорлықтың туындауына жол бермеу тұрғысынан тікелей іс-әрекеттері анықталған.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзгерту «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес Институт басшысының тиісті бұйрығын шығару арқылы жүргізіледі.

6. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын бақылады Институттың комплаенс-офицері жүзеге асырады.

2. Институт қызметкерлерінің мінез-құлық (іс-әрекеттер) стандарттары (ұсынымдары)

7. Институтпен белгілі бір құқықтық қатынастардағы (еңбек, азаматтық-құқықтық, әкімшілік және т.б.) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алу;

- Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау;

- адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларын сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;

- Институтпен белгілі бір құқықтық қатынастардағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

- өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен Институт ұжымы тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалану;

- жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

- Институт қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

- шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

- заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

- бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдамау;

- Институтта еңбек заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз ету.

8. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- жоғары тұрған немесе тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;

- жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;
- әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеу және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;
- өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ белгілі бір мәселені жеделдетіп шешкені үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы басшылыққа баяндау;
- Институттың іскерлік беделін бағалау, Институттың құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін қызметке қатысудан бас тарту, оның абыройы мен беделіне нұқсан келтіруге деген кез келген әрекеттің жолын кесу;
- орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмән туралы тікелей басшыға жазбаша түрде хабарлау;
- егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;
- табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тарту.

9. Бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру шеңберінде конкурстық өтінімдерді дайындау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде:

- конкурстық құжаттамада белгіленген рәсімдерді, талаптарды, мерзімдерді сақтау және конкурстық өтінімдердің тиісті нысаны мен сапасын қамтамасыз ету;
- Институттың ғылыми бөлімшелерінің конкурстық өтінімдерді қалыптастыру еркіндігіне кедергі келтірмеу;
- жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының және олар бойынша есептердің жоғары сапасын қамтамасыз ету;
- бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру бойынша қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- плагиат фактілеріне жол бермеу.

10. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

- мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік сатып алу процесінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
- атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген, сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңында көзделген шектеулері бар әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

11. Ғылыми кадрларды даярлауға және жоғары оқу орындарымен интеграциялауға қатысу кезінде:

- ғылыми-білім беру қызметтерін көрсету сапасын жақсарту және «Институт - университет-докторант (магистрант, студент)» өзара іс-қимыл жүйесінде бюрократиялық кедергілерге жол бермеу жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау;

- отандық және шетелдік тәжірибе мен ғылым жетістіктерін зерделей отырып, өз білімінің деңгейін үнемі арттыру арқылы кәсіпқойлыққа ұмтылу;
- докторанттарға, магистранттарға, студенттерге (бұдан әрі - білім алушылар) кәсіпқойлықтың, еңбек тәртібінің, Институтқа, оның дәстүрлеріне, тарихына құрметпен және ұқыптылықпен қараудың жеке үлгісі ретінде қызмет ету;
- білім алушыларға қатысты өз лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланбау, олардың білімін бағалау кезінде оларға біржақты қарауға және субъективизмге жол бермеу;
- әріптестер мен білім алушылардың қадір-қасиетін кемсітпеу, балағат сөздерді қолданбау, таныстық пен тәкаппарлық танытпау;
- Институт әкімшілігінің шешімдері және оның бөлімшелерінің қызметі туралы дұрыс емес ақпарат таратпау;
- білім алушылардан сыйлықтар немесе ақшалай сыйақылар қабылдамау.

12. Институт қызметінің барысында туындайтын өзге де қоғамдық маңызы бар мәселелер кезінде:

- ҚР Конституциясының, ҚР Еңбек кодексінің, «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы» ҚР Заңдарының, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және өзге де заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтау;
- Қазақстан Республикасының заңдарында тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе көру мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;
- іскерлік әдеп және ресми мінез-құлық ережелерін сақтау, өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Институт Жарғысының, Ішкі тәртіп ережелерінің және басқа да ішкі құжаттарының нормаларын мүлтіксіз орындау.